

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### БЖЗҚ инвестициялық портфельді басқарушыларға зейнетақы жинақтарының алғашқы аударымдарын жасады

**2021 жылғы 15 наурыздағы** жағдай бойынша БЖЗҚ 2021 жылдың 18 ақпанынан бері түскен **190 өтінішті** өңдеп, инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) шамамен **521,4 млн теңге** аударды. Аударымның орташа сомасы шамамен **2,7 млн теңге**.

**Орындалған өтініштердің** 54% астамы Алматы қаласының тұрғындарынан түсті. Алматылықтардың ИПБ-ға сеніп тапсырған аударымдарының орташа сомасы 2,7 млн теңгені құрады. Орындалған өтініштердің 18% астамын Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары берді. ИПБ-ға аударылған орташа сома 4,3 млн теңге. Басқарушы компанияларға аударылған ең көп сомалардың (орта есеппен 6,7 млн теңге) иегерлері – Атырау облысының тұрғындары. Мұнда зейнетақы жинақтарын аудару туралы бар-жоғы үш өтініш орындалды, бірақ олардың жалпы сомасы 20 млн теңге.

**15 наурыздағы** жағдай бойынша БЖЗҚ-ға жинақтарды ИПБ-ға аудару туралы барлығы **732 өтініш** түскен. Оның **190-ы** орындалып, **403 өтініш** қазіргі сәтте өңделу үстінде, ал 139 өтінішті орындаудан бас тартылды.

Зейнетақы жинақтарын аудару үшін салымшы БЖЗҚ-ға өтініш жасауы қажет, оны [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы **жеке кабинет** арқылы немесе БЖЗҚ-ның кез келген **өңірлік бөлімшесіне** өзі келгенде беруге болады.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруға қатысты төрт ИПБ-мен шарт жасасты. Олар туралы ақпаратпен танысып, инвестициялық декларацияларын зерделеуді [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы «Қызметтер» - **«Зейнетақы жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлікпен басқаруына аудару»** бөлімінде жүзеге асыруға болады.

Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге және емделуге пайдалану туралы толық ақпарат [enpf.kz](http://enpf.kz) сайтындағы **«Көрсеткіштер»** бөлімінде орналастырылған.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жсай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*